

**ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ**  
**ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ**  
**HISTORY, PHILOSOPHY AND SOCIOLOGY**

**FTAMP 03.20**

**АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ 1921-1925 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ:  
СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ**

**Д.Қ.АБЕНОВ, А.ИЗБАНОВА**

*Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Мақалада Ақтөбе губерниясындағы 1921-1925 жылдардағы ашаршылық, себептері мен салдары, аштықпен күрес және оның нәтижелері қарастырылады. Архив құжаттарына сүйене отырып, ашыққандар, жұқпалы ауруға ұшырағандар мен қаза тапқандар саны нақтыланып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы баяндалады. Губкомитет пен ашкөм комиссиясының ашаршылықпен күрес және аштарға көмек мәселесі бойынша атқарған жұмыстары, үкімет тарапынан көрсетілген көмеккөздері айтылады. Сондай-ақ ата-анасыз қалған ашыққан балалар, балалар үйінің жағдайы, балалар асханасы мәселесі де қозғалады.

**Түйін сөздер:** ашаршылық, қуаңшылық, жұт, статистика, губерния, ауылшаруашылық, эпидемия, уезд, болыс, комиссия, АРА ұйымы, тамақтандыру орындары.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы голода в Актюбинской губернии в 1921-1925 гг., его причины и последствия, а также борьба с голодом и его результаты. На основании архивных документов указывается количество голодающих, больных и умерших людей, а также описывается социальные и бытовые условия населения. Повествуется работа по борьбе с голодом губернского комитета и комиссии помголода. Рассматриваются проблемы голодающих сирот, состояние детских домов, детских столовых.

**Ключевые слова:** голод, засуха, джут, статистика, губерния, уезд, волость, сельское хозяйство, эпидемия, комиссия, организация АРА, пункты питания.

**Abstract.** The article deals the issues of hunger in the Aktobe province in 1921-1925, its causes and consequences, as well as the fight against hunger and its results. On the basis of archival documents, the number of starving, sick and dead people is indicated, as well as the social and living conditions of the population are described. The work on the fight against hunger of the provincial committee and commission is narrated. The problems of starving orphans, the condition of orphanages, children's canteens are considered.

**Keywords:** famine, drought, jut, statistics, province, uезд, volost, agriculture, epidemic, commission, organization of ARA, food outlets.

1922 жылы қаңтарда ресми деректер бойынша аштыққа ұшырағандар саны барлығы 361051 адамға жетіп, халықтың 65%-ын құрады. Ал санаққа ілінбей қалғандарды қоссақ бұдан да көп болуы мүмкін. Қыста шалғай ауылдар мен болыстарға азық-түлікпен көмектесу қиынға соқты.

Ақтөбе, Шалқар, Жұрын, Ақбұлақ пен Мартөк уездері өздерінің қоймаларынан ауылдарды азықпен қамтамасыз етті.

Көктемде губерния халқының 50%-ы ауруға, 28%-ы өлімге душар болған. Аштықтың салдарынан эпидемиялық ауруға ұшырағандар күн санап артты. Осыған байланысты губерниялық денсаулық сақтау бөлімі шағын бөлімшелерді көбейтті. Алайда эпидемиялық ауруға шалдыққандар саны тым көп болуына байланысты олардың барлығына бірдей көмек көрсету мүмкін болмады. Сонай-ақ дәрі-дәрмектің жетіспеуінен науқастардың жаппай қаза болуы белең алды. Ал көктемдегі су тасқынынан алыс аймақтармен екі ай бойы байланыссыз қалып, науқастарға көмек көрсету және қаза болғандардың санын анықтау мүмкін болмады.

Осы жылы ақпанда 30 мыңға жуық 14 жасқа дейінгі бала мен 18 мыңдай ересектер көмекке зәру жандар есебінде тіркелді. Тамды, Қобда, Жиренкопа болыстарын тырысқақ пен оба індеттері жайлады. Бұл ауру 48 сағатқа созылып, кейін науқас қаза табады. Ақбұлақ уезінде аштықтан ақпан айының өзінде тұрғындардың 12%-ы, Түйетөбеде 50%-ы қаза тапты. Губкомиссия құжаты бойынша Ақбұлақ уезінде күніне орташа есеппен 300 адам аштықтан қырылған. Шалқар ауданында аштықтан халықтың 50%-ы ауруға ұшырап, 20%-ы қаза тапты. Аудан, болыс, ауылдарда өліктердің денесі сарайлар, көшелер мен тұрғылықты мекендердің маңдарында, өзен жағалауларында толып жатты. Иттер де жеп үлгермейтіндей күннен күнге көбейіп жатты. Басты себеп оларды жерлейтін адамдардың жоқтығына байланысты [1].

1922 жылы қарашада Ақтөбе халқының болжаммен 50%-ы, яғни шамамен 285000 адам аштыққа ұшырады. Қазан-қараша айларында адам өлімі 2 есеге көбейген. Ақтөбе қаласында коммунбөлімінен 496 адам, ауруханадан 294, балалар үйінен 125 адам мүрдесі шықты. Бұл тек арнайы мекемелердегі сандар. Ал қарапайым тұрғындардың өлім санағын жүргізу мүмкін болмады. Ата-анасыз қалған балалар саны өсті. Губкомиссия оларға балалар үйі мен асханаларды ашып, оларды егінді өлкелерге көшірумен айналысты. Ақтөбе, Темір қалаларында аштықтан безген адамдарға арнап 700 орындық қонатын үй ашылды. Сондай-ақ 4 асхана жұмыс істеп, барлығы 2038 адамды тамақпен қамтамасыз етті [2].

**Кесте 1.** 1922 жылы қаңтар айы бойынша Ақтөбе губерниясындағы аштық сипаты [3]

№	Уездер	Болыс саны	Барлық тұрғындар саны	Көшпелілер	Орыстар	Жер және мал шаруаш. саны	Балалар үйі	Орыс балалар	Қазақ балалар	Балалар асханасы	Тамақтандырылған адамдар саны
1	Ақтөбе	28	122163	61225	46834	22504	10	703	193	3	1900
2	Ақбұлақ	21	110460	56942	47571	19302	4	125	496	?	?
3	Мажоровск (Қосістек)	13	42916	29610	20306	11684	5	434	100	4	777

4	Темір	17	73834	58037	11907	16144	3	157	34	1	112
5	Ойыл	12	55521	49812	4578	11184	2	110	170	?	?
6	Ырғыз	4	41648	39948	-	8293	1	20	130	1	473
7	Шалқар	7	53677	49499	-	8865	1	70	80	1	98
8	Қарабұтақ	4	25804	26546	-	4859	1	-	70	?	?
	<b>Барлығы</b>	116	526023	370620	131196	102835	27	1619	1273	10	3360

Ал 15 наурыздағы есеп бойынша Ақтөбе губерниясында барлығы балалар 30 үйі болып, онда 3283 бала тәрбиеленген.

1923 жылғы маусымдағы есеп бойынша аштыққа ұшырағандар саны 14 жасқа дейінгі балалар 18049, ал ересектер 21429-ға жетті құрады. Ақтөбе қаласы бойынша маусым айында 13480 адамды тамақтандырды. Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында 1921 жылдың 1 қарашасы мен 1922 жылдың 1 шілдесі арасында 37657 адам ашаршылық құрбаны болды. Коммунбөлімі Ақтөбе уезінде 85531 аш адамдарға көмек ретінде 42878 рубль, Темір уезінде 9750 аштарға 11892 рубль, ал Торғай мен Шалқар уездеріне 10 мың рубль жұмсады[4].

КССХ мүшесі М.Гайко 1925 жылы Ақтөбе уезінің Мәртөк, Жайсан және Родников болысы мен оның төрт ауылында тапсырма бойынша болады. Оның қаңтар айындағы жазбасы бойынша Родников болысының 6631 тұрғынының 2610 адамы, яғни 40%-ы; Жайсан болысындағы 7613 халқының 45%-ы, яғни 3423 адамы көмекке зәру деп көрсетілді. Мәртөк болысы туралы ақпарат жазбада кездеспейді. ВИК есептеуі бойынша Ақбұлақ болысындағы 11182 жанның 10728-і аштыққа ұшырағандар, бұл дегеніміз халықтың 96,6%-ы, Елек болысында 4547 тұрғынның 2976 адамы - 66%-ы; Тұзтөбе болысының 5712 адамының 3725-і, я болмаса 65,5%-ы аштыққа ұшырағандар саналды. Нәтижесінде 14 болыс бойынша көмекке зәру жандарды 10901 отбасы немесе 52133 адам құрады[5].

Осы жылы 15 наурыздағы губкомитеттің ауылшаруашылығымен бірігіп Ақтөбе уезінің болыстарындағы аштыққа ұшырағандар мен өте ауыр халдегі адамдар санын есептеген жазған тізімі төменде кестеде көрсетілген:

**Кесте 2. 1923 жылы наурыз айындағы Ақтөбе уезінің болыстарындағы аштық сипаты [6].**

№	Болыстар мен артельдер атауы	Аштыққа ұшырағандар		№	Болыстар мен артельдер атауы	Аштыққа ұшырағандар	
		Барлығы	Өте ауыр жағдайда			Барлығы	Өте ауыр жағдайда
1	Қобда	2896	1151	15	Ащысай	4604	3998
2	Жайсан	7661	4238	16	Ақбұлақ	11182	5200
3	Родников	2337	1154; бала-1745	17	Н-Россия	2669	1183
4	Мәртөк	5044	2780; бала-1567	18	Петропавл	2530	1531
5	Елек	2976	1859; бала-1610	19	Муготжанов	1692	783
6	Степанов	3411	798; бала-749	20	Қарақобда	1003	552
7	Н-Алексеев	6063	2704	21	Бөрлі	2123	2129
8	Ақкемір	4862	2885; бала-1955	22	Ақтөбе	1887	830

9	Андреев	4592	2159	23	Алимбетов	1674	1531
10	Аралтөбе	926	926	24	Астрахан	3330	1578
11	Қос-Істек	4926	2418	25	Қаратоғай	2558	1597
12	Сазды	5497	4367	26	Богослово	2123	1415
13	Қарағанды	8585	4484	27	Ақтөбе қ. қалалық кеңесі	450	450
14	Түзтөбе	3297	3210				
Барлығы		100871	61460, балалар саны - 6756				

1925 жылы маусым айындағы губкомитеттің баяндамасы бойынша губернияға көмекке зәру жандар үшін 10 мың рубль бөлінді. Ақтөбе уезінде 102427 аштыққа ұшырағандарға 5121 рубль, Темір уезінде 37659 адамға 1682 рубль, Шалқар уезінің 65944 адамға 2637 рубль және Торғай уезіне 10318 адамға 557 рубль көлемінде қаражат жұмсалды[7]. Көріп отырғанымыздай, аштыққа ұшырағандар саны әр айда әртүрлі. Сондай-ақ архив құжаттарынан әр айдағы губкомитеттің есептік жазбасында ашаршылықпен күрес үшін бөлінген қаржы сомасы, жасалған шаралар мен халықтың жақсарған әл-ауқаты туралы баяндалады. Алайда жоғарыдағы сандық көрсеткіштерге қарап-ақ халықтың тұрмыстық жағдайының нашарлығы, 1924 жылғы қуаңшылықтан 1925 жылы бірден оңалу мүмкін еместігі белгілі.

Ресейдің құрамына қосылғаннан кейінгі қазақ халқының тарихы елін, жерін, тілін, дінін, ділін қорғаудағы күрестерге толы болды. Еліміз басынан қаншама көтерілістер мен соғыстарды өткеріп, қуғын-сүргін, саяси, әлеуметтік, діни қысымдарға ұшырап, дәстүрлі шаруашылығынан да айырылған болатын. Ал XX ғасырдың алғашқы жартысын қазақ халқының ауыр тарихи кезеңі деуге болады. 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы. Одан бөлек, халқымызға зор нәубет әкелген 1920 жылғы жұт, 1921 жылғы қуаңшылық, 1921-1922, 1925 және 1930-1932 жылдардағы ашаршылық елдің жағдайын одан әрі күйретті.

Аштық Орынбор, Орал, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары мен Адай уезін жайлады. Соның ішінде Ақтөбе губерниясында ашыққандар саны көбейіп, мал басы мен адам санының кемуі күні арта өсе түсті. Губернияда, әсіресе ауылдық жерлердегі халықтың жағдайы мүлдем төмен болды, аштық пен аурудан бөлек, қаракшылардың шабуылы мен тонауына ұшыраған олар қала мен басы ауған жаққа көшіп кетіп жатты.

Ашаршылықтың салдарынан қаншама адам отбасынан айырылып, қалыпты шаруашылықтары күйреді, қазақ халқының саны кеміді. Тарихта ашаршылық тақырыбы өз мәнін ешқашан жоймайды, керісінше әлі де зерттеп, шындықтың бетін ашар тұстары көп-ақ.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 612-іс, 8-п.
2. АОМА, 1-қор, 1-тізбе, 185-іс, 23-п.

3. АОМА, 6-қор, 1-тізбе, 36-іс, 14-п.
4. АОМА, 6-қор, 1-тізбе, 26-іс, 3-4-п.
5. АОМА, 3-қор, 1-тізбе, 143-іс, 6-п.
6. АОМА, 32-қор, 1-тізбе, 106-іс, 31-35-п.
7. АОМА, 155-қор, 1-тізбе, 21-іс, 65-п.

**МРНТИ 03.01.29**

## **НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СТАТЬИ ЕЛБАСЫ Н.А. НАЗАРБАЕВА «СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»**

**Д.А. МАЦЮК**

*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,  
г.Актобе, Казахстан*

**Аннотация.** В данной статье исследуются актуальные вопросы отечественной истории через призму анализа ключевых моментов знаменитой статьи Елбасы Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи», вышедшей в свет в 2018 г. Интерпритируя семь ключевых граней казахстанского прошлого, выявляются знаковые события и явления нашей истории, оставившие след во всемирном историческом процессе. Показана ценностная значимость всаднической культуры, древней металлургии номадов, сакского звериного стиля, уникальность «золотого человека», сакральность Алтая как колыбели тюркского мира, культурологическая ценность Великого шелкового пути и т.д. В целом, было отмечено, что представленные грани Великой степи составляют сокровищницу казахского народа и определили его культурный код.

**Ключевые слова:** ценность, культурный код, золотой человек, номадизм, исторический процесс, тюрки, культурная преемственность, идентичность, казахстанцы.

**Аннотация.** Бұл мақалада 2018 жылы жарыққа шыққан Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" атты атақты мақаласын талдау призмасы арқылы отандық тарихтың өзекті мәселелері зерттеледі. Қазақстанның өткенінің жеті негізгі қырын интерпритациялаймын, біздің тарихымыздың дүниежүзілік тарихи процесіте із қалдырған елеулі оқиғалары мен құбылыстары анықталуда. "Алтын адамның" бірегейлігі, сал аттылық, атты қолға үйретудің маңыздылығы, көшпенділердің ежелгі металлургиясы, сактардың аң стилі, Алтайдың түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы мен т.б. мәдени құндылығы көрсетілген. Жалпы, Ұлы даланың қырлары қазақ халқының қазынасын құрап, оның мәдени кодын анықтағаны атап өтілді.

**Түйінді сөздер:** құндылық, мәдени код, Алтын адам, номадизм, тарихи процесс, түркілер, мәдени сабақтастық, бірегейлік, қазақстандықтар.

**Annotation.** This article explores relevant issues of domestic history through analysis of the main points of the famous article of the First President N.A. Nazarbayev entitled "The Seven Faces of the Great Steppe" (2018). An analysis of the seven faces of the past of Kazakhstan reveals the main events of our history that have left their mark on world history. The value of nomad culture, metallurgy of ancient Kazakhstan, the Scythian animal style, the uniqueness of the "golden man", the importance of Altai as the cradle of the Turkic world, the cultural value of the Great Silk Road, and